

Ленин туғалы

шығуына
27-ші жыл
№ 29
(6989)
1945 жыл
Жексенбі
11 февраль
Жеке саны
20 тыйын

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық съезінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

Сталин жолдастың тарихи сөздерін терең үйренейік!

Сталин жолдастың «Советтер Одағының Улы Отан соғысы туралы» кітабы және ұлы көсемнің одан соғыс сөздері марксизм-ленинизмнің идеялық қазынасына қосылған ұлы үлес болып табылады. Улы Сталиннің Улы Отан соғысы күндеріндегі тарихи сөздері маркстік диалектикалық әдіс тікәзіргі жағдайға қолдана отырып марксизм-ленинизм теориясын алдағы уақытта да дамыта берудің тамаша үлгісі болып отыр.

Сталин жолдас Социалистік Улы Октябрь Революциясының XXVII жылдығы туралы баяндамасында, біздің уақытымыздағы тарихи оқиғаларға данышпандық талдау жасап, неміс-фашист басқыншыларды біржолата жоюда совет халқының дақты Қызыл Армия мен бірлескен ұлттар армияларының алдында тұрған міндеттерді көрсетіп берді.

«Совет халқы мен Қызыл Армия, — деді Сталин жолдас, — отан соғысының барысында өздерінің алдына қойылған міндеттерді ойдағыдай орындауда. Қызыл Армия өзінің отанымыздық бермшын арбонмен орындап, жерімізді жаудан азат етті. Жерімізді қазірден бастап және біржолата гитлершіл арамазалардан азат етілді. Енді Қызыл Армияның ақырғы қортынды міндегі қалып отыр. Ол: неміс-фашист армиясын талқандау ісін одақтастарымыздың армияларымен бірге аяқтап шығу, неміс-фашист айуанды оның өз үлгісінде біржолата күрту және Берлин үстінде жеңіс туғызу».

Сталин жолдастың баяндамасында Октябрь революциясының жеңісін берік қорғаған, большевик партиясының басшылығы арқасында отанымызды неміс-фашист басқыншылардың қанды тырнағынан азат еткен совет халқының тарихи ролі туралы зор баға берілді.

Ұлы Сталиннің сөздері совет адамдарына қуат берді. Миллиондаған жүрекке жігер берді. Тылдағы еңбекшілерді, майдандағы жауынгерлерді жаңа табыстарға бастады. Улы отанның, большевиктер партиясының шексіз сүйген совет халқы көсемінің сөзіне терең түсініп, тамаша жаңа табыстармен жауап беруде.

Социалистік Улы Октябрь Революциясының 27 жылдығы туралы Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрығын үйренуде, еңбекшілерге түсіндіруде Алматы қалалық партия ұйымдары едәуір жұмыстар істеді. Партия, комсомол активі, пропагандистер, үгітшілер Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрығын көшілікке түсіндіруде өздері бас болды. Оларға арналып парткабинеттерде семинарлар, нұсқау жыйналыстар өтті. Бұлардың күшімен көптеген баяндамалар, әңгімелер өткізілді.

Қазір қаладағы саяси үйірмелер арқылы Сталин жолдастың баяндамасын терең үйрену жұмысы жүргізіліп жатыр. Лекторлар, ғылым қызметкерлері Сталин жолдас тың баяндамасына байланысты лекциялар оқыды, консультациялар өткізеді. Көптеген партия, комсомол активтері, интеллигенттер баяндаманы өз бетімен оқып терең үйренуде.

ҚК(б)П Қызыл орда облыстық комитеті көсеміміз ұлы Сталиннің тарихи сөздерін партия, совет комсомол активтеріне терең түсіндіру мақсатымен облыс орталығында, аудандарда оларға арнап әдейі семинарлар өткізді.

Облыс көлеміндегі барлық партия кабинеттерінде, кітапхана мен оқу үйлерінде Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрығына арналып қызыл мүйістер ұйымдастырылды. Олар керекті әдебиетпен қамтамасыз етілді. Мұның өзі баяндама мен бұйрықты өз бетімен оқушыларға үлкен көмекші болды.

Бірақ іс барлық жерде бірдей емес. Көптеген ҚК(б)П аудандық комитеттері, бастауыш партия ұйымдары баяндамаға байланысты алғашқы рет өткізілген жыйналыстармен қанағаттанған. Жамбыл аудандық (Алматы облысы) партия комитеті (аудандық комитет секретарі Хабибуллин жол

дас) Сталин жолдастың баяндамасын іске асыру туралы бюрода, пленумда мәселе қарап, қаулы алса, іс одан әрі өзінен өзі орындалады деп түсінген. Қолхоздарда жыйналыстар дайындықсыз өткізілді. Әресе, ұйымдаспаған халық арасында аудандық партия комитеті еш бір жұмыс істей алмай отыр.

Сталин жолдастың баяндамасын өз бетімен оқып үйренушілерге парткабинетте көмек көрсете алмай келеді. Баяндамаға байланысты лекциялар, консультациялар ұйымдастырылмаған. Көсем сөзін қалың бұқараға түсіндіруге аудандары үгітшілер түгел пайдаланылмайды.

Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрығын еңбекшілерге кеңінен түсіндіру жұмысы Шығыс Қазақстан облысының Киров, Таврическі ауданында да ойдағыдай емес. Мұндағылар қолхоздарда жыйналыстар өткізіп, міндеттемелер алумен іс бітті деп отыр. Алынған міндеттемелерді орындау үшін күрес нашар. Партия ұйымдары бұл жұмыстың төңірегіне жұртшылықты әлі де ұйымдастыра алмай келеді.

Әрбір еңбекшіге Сталин жолдастың баяндамасы кеңінен түсіндірілсін деген ҚК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауы әресе, республикамыздың шет аудандарында және кейбір қалаларында толық орындалған жоқ. Бұл мәселелерге айрықшы көңіл бөлулі бастауыш партия ұйымдары да, ҚК(б)П аудандық комитеттері де ескермеген.

Сталин жолдастың тарихи документтерін коммунистер мен комсомол мүшелеріне, бұқпа еңбекшілерге терең үйретіп, түсіндіру жұмысы бастауыш партия ұйымдарына өте маңызды саяси міндегі болып табылады.

Ұлы көсеміміз данышпан Сталиннің баяндамасы—неміс басқыншыларды біржолата жеңу күресінің жауынгерлік программасы. Көсеміміз Сталин жолдастың сөзін бұқараға кеңінен түсіндіру үгітшілер мен пропагандистердің ардақты міндегі.

Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрығын көшілікке түсіндіру деген сөз—совет мемлекеті мен жеңіліз совет халқы жөнінде, Батыр Қызыл Армия мен дақты большевиктер партиясы туралы ұлы шындықты айту деген сөз. Ленин—Сталин партиясының басшылығы арқасында совет халқының қолы жеткен тарихи табыстарды әрбір еңбекшіге жеткізу деген сөз.

Партия ұйымдары көсемнің баяндамасы мен бұйрығын үйрену, еңбекшілерге кеңінен түсіндіру және күнделікті көңіл бөлуге міндегі. Баяндаманы өз бетімен үйренушілерге консультациялар, лекциялар, әңгімелер ұйымдастырылып тұру хажет. Үйірмені басқарушылар, баяндамашылар, лекция оқушылар теория жағынан дайындығы мол, басшы қызметкерлерден іріктеліп алынатын тиіс. Сонда ғана оқудың сапасы жақсаратынмақ.

Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрығын пропагандалау жұмысы барлық уақытта да саяси шаруашылық міндеттерді орындаумен тығыз байланыстырылып жүргізілуі керек. Алайындағы көктем егісіне мүлтіксіз дайындалу міндегі тұр. Сонымен қатар республикамыз бийылғы жылы өзінің дақты 25 жылдығы тойлағалы отыр. Бұл күнге Қазақстан еңбекшілері тарихи табыстармен келуі тиіс. Партия ұйымдары сталиндік сөздерді жұртшылыққа жете түсіндіре отырып, алта тұрған міндеттердің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етуге міндегі.

Партия ұйымдары ұлы Сталиннің данышпандық сөздерін әрбір еңбекшіге кеңінен түсіндіру ісін баянды түрде мықтап қолға алатын болсын! Ұлы Сталиннің тарихи сөздері неміс-фашист басқыншыларды біржолата жеңуде совет халқы жигерлендіріп, оны жеңістен жеңіске бастауда.

(«Социалистік Қазақстанның» басмақала ссы).

ҚАЗАҚ СОҒЫҢ АУДАНДАРЫ МЕН ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ПАРТИЯ ЖӘНЕ СОВЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ОРДЕНДЕРМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Соғыс уақытының жағдайында астық дайындаудың жұмысының жауды жеңіп шығу үшін ерекше маңызы бар екендігін және өзінің маңызы жағынан майдандық жұмыспен тең екендігін еске алып, астық дайындаудың 1944 жылғы мемлекеттік жоспарын ойдағыдай орындағаны үшін мына адамдар наградталсын:

1-ДӘРЕЖЕЛІ ОТАН СОҒЫСЫ ОРДЕНІМЕН

1. Әбдрахманов Мырзағали Әбдрахманұлы — Жамбыл облысы, ҚК(б)П Шу аудандық комитетінің бірінші секретарі.
2. Алексеев Николай Николаевич — Ақмола облысы, еңбекшілер депутаттарының Шортанды аудандық совет аткомінің председателі.
3. Әлиев Әбділбек — Талдықорған облысы, еңбекшілер депутаттарының Қаратал аудандық совет аткомінің председателі.
4. Әміргалина Мүксима — Семей облысы, еңбекшілер депутаттарының Аягөз аудандық совет аткомінің председателі.
5. Антонов Павел Тихонович — Павлодар облысы, ҚК(б)П Ертіс аудандық комитетінің бірінші секретарі.
6. Бейсенбаев Әбіл — Семей облысы, ҚК(б)П Аягөз аудандық комитетінің бірінші секретарі.
7. Берәлиев Дәулет — Алматы облысы, ҚК(б)П Іле аудандық комитетінің бірінші секретарі.
8. Билетченко Архип Дмитриевич — Дайындау Халық Комиссариатының Солтүстік Қазақстан облысының Совет ауданындағы өкілі.
9. Богданов Михаил Константинович — Ақмола облысы, ҚК(б)П Шортанды аудандық комитетінің бірінші секретарі.
10. Болшоко Павел Порфирьевич — Алматы облысы, ҚК(б)П Алматы аудандық комитетінің бірінші секретарі.
11. Боровичов Петр Алексеевич — Оңтүстік Қазақстан облысы, ҚК(б)П түлкібас аудандық комитетінің бірінші секретарі.
12. Виноградов Борис Васильевич — Қарағанды облысы, ҚК(б)П Нұра аудандық комитетінің бірінші секретарі.
13. Галайдин Григорий Спиридонович — ҚК(б)П Қарағанды обкомінің бірінші секретарі.
14. Гусев Алексей Гаврилович — Көкшетау облысы, ҚК(б)П Рузаев аудандық комитетінің бірінші секретарі.
15. Долженко Александр Васильевич — Ақмола облысы, ҚК(б)П Ақсау аудандық комитетінің бірінші секретарі.
16. Дворников Александр Яковлевич — Солтүстік Қазақстан облысы, ҚК(б)П Полудень аудандық комитетінің бірінші секретарі.
17. Жұсыпов Ақмет — Көкшетау облысы, ҚК(б)П Еңбекшілер аудандық комитетінің бірінші секретарі.
18. Жұсыпов Жәмел — Қызылорда облысы, еңбекшілер депутаттарының Шиелі аудандық совет аткомінің председателі.
19. Егоров Борис Никитович — Батыс Қазақстан облысы, ҚК(б)П Приурал аудандық комитетінің бірінші секретарі.
20. Ермеков Шерияз — Дайындау Халық Комиссариатының Қызыл орда облысының Шиелі ауданындағы өкілі.
21. Жайлыбеков Шортанбай — Жамбыл облысы, ҚК(б)П Талас аудандық комитетінің бірінші секретарі.
22. Жәкішев Ғалит — Семей облысы, еңбекшілер депутаттарының Ақсуат аудандық совет аткомінің председателі.
23. Журғалин Қизат Ыбрауұлы — Қызылорда облысы, ҚК(б)П Шиелі аудандық комитетінің бірінші секретарі.
24. Зуба Арсенти Филиппович — Дайындау Халық Комиссариатының Ақмола облысының Шортанды ауданындағы өкілі.
25. Забишев Арсений Иванович — Қарағанды облысы, ҚК(б)П Тельман аудандық комитетінің бірінші секретарі.
26. Касеев Сейхым — Талдықорған облысы, ҚК(б)П Қаратал аудандық комитетінің бірінші секретарі.
27. Қиямов Минғаж Қиямович — Дайындау Халық Комиссариатының Қарағанды облысының өкілі.
28. Коваленко Иван Митрофанович — Ақмола облысы, еңбекшілер депутаттарының Ақмола аудандық совет аткомінің председателі.
29. Қозлов Виктор Федорович — Дайындау Халық Комиссариатының Ақмола облысының Ақмола ауданындағы өкілі.
30. Коновалов Николай Иванович — Солтүстік Қазақстан облысы, еңбекшілер депутаттарының Совет аудандық аткомінің председателі.
31. Крапиво Даниил Александрович — Дайындау Халық Комиссариатының Ақмола облысының Атбасар ауданындағы өкілі.
32. Красовский Иван Савельевич — Солтүстік Қазақстан облысы, еңбекшілер депутаттарының Петропавл аудандық совет аткомінің председателі.
33. Кузнецов Андрей Иванович — Дайындау Халық Комиссариатының Талдықорған облысының Қаратал ауданындағы өкілі.
34. Кузнецов Федор Егорович — Қарағанды облысы, еңбекшілер депутаттарының Тельман аудандық совет аткомінің председателі.
35. Кұдымбетов Мұхамбет — Оңтүстік Қазақстан облысы, еңбекшілер депутаттарының Түлкібас аудандық совет аткомінің председателі.
36. Кұлбатыров Алашбек — Дайындау Халық Комиссариатының Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратал ауданындағы өкілі.
37. Құрбанов Елжас — Оңтүстік Қазақстан облысы, еңбекшілер депутаттарының Сайрам аудандық совет аткомінің председателі.
38. Күрманов Рамазан — Солтүстік Қазақстан облысы, еңбекшілер депутаттарының Полудень аудандық совет аткомінің председателі.
39. Кутевых Иван Демидович — Дайындау Халық Комиссариатының Солтүстік Қазақстан облысының Полудень ауданындағы өкілі.
40. Медных Яков Максимович — Ақмола облысы, еңбекшілер депутаттарының Атбасар аудандық совет аткомінің председателі.
41. Москалев Роман Николаевич — Дайындау Халық Комиссариатының Көкшетау облысының Рузаев ауданындағы өкілі.
42. Мұхамедияров Раббани — Солтүстік Қазақстан облысы, ҚК(б)П Совет аудандық комитетінің бірінші секретарі.
43. Орлов Евграф Ермилович — Солтүстік Қазақстан облысы, ҚК(б)П Петропавл аудандық комитетінің бірінші секретарі.
44. Пархоменко Алексеи Елисевич — Дайындау Халық Комиссариатының Қарағанды облысының Осокар ауданындағы өкілі.
45. Павлов Александр Иванович — Қарағанды облысы, ҚК(б)П Сайрам аудандық комитетінің бірінші секретарі.
46. Пішенов Әбдіғали — Ақмола облысы, еңбекшілер депутаттарының Қорғалжын аудандық совет аткомінің председателі.
47. Рақымов Қасен Елеусізұлы — Дайындау Халық Комиссариатының Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы өкілі.
48. Сафаров Қаныш Санайұлы — Көкшетау облысы, еңбекшілер депутаттарының Рузаев аудандық совет аткомінің председателі.
49. Сәрсенбаев Сабыр — Ақмола облысы, ҚК(б)П Вишнево аудандық комитетінің бірінші секретарі.
50. Серикбаев Бейсен — еңбекшілер депутаттарының Қарағанды облыстық совет аткомінің председателі.
51. Серикбаев Сапарбек — Оңтүстік Қазақстан облысы, ҚК(б)П Қаратал аудандық комитетінің бірінші секретарі.
52. Синельников Михаил Дмитриевич — Қарағанды облысы, еңбекшілер депутаттарының Осокар аудандық совет аткомінің председателі.
53. Скоренич Иван Гаврилович — Көкшетау облысы, еңбекшілер депутаттарының Еңбекшілер аудандық совет аткомінің председателі.
54. Снегирев Григорий Ефимович — Ақмола облысы, еңбекшілер депутаттарының Вишнево аудандық совет аткомінің председателі.
55. Тарасенко Иван Илларионович — Жамбыл облысы, ҚК(б)П Қордай аудандық комитетінің бірінші секретарі.
56. Тілепалдин Күрмаш — Семей облысы, ҚК(б)П Ақсуат аудандық комитетінің бірінші секретарі.
57. Туякбаев Мақаш — Алматы облысы, еңбекшілер депутаттарының Іле аудандық совет аткомінің председателі.
58. Оразбаев Нурмағамбет — Оңтүстік Қазақстан облысы, еңбекшілер депутаттарының Шаян аудандық совет аткомінің председателі.
59. Чаругин Александр Алексеевич — Қарағанды облысы, ҚК(б)П Осокар аудандық комитетінің бірінші секретарі.
60. Шағуалиев Нұрман — Қарағанды облысы, еңбекшілер депутаттарының Нұра аудандық совет аткомінің председателі.

(Жалғасы бар).

Совет Хабаршы бюросынан

9 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

9 февральда Шығыс Пруссияда, КЕНИГСБЕРГТИҢ шығыс жағында әскерлеріміз 30дан аса елді жерлерді, оның ішінде ШЫН АКАЙНЕН, БАРСЛАК, ДИНГОРТ, ШЛО ДИТЕН, НОЙЕНДОРФ, ВАРИНЕН, ШТ АБУНКЕН қыстақтарын ұрыспен алды. Мұнымен қатар, ЭЛЬБИНГТИҢ солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ФРИШГАФ қолтығының жағалауында ФРУЕНУБЕРГ қаласын алды. Әскерлеріміз ЭЛЬБИНГ қаласын қоршауға алып, дұшпанның гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізді.

ШТАРГАРД қаласының шығыс және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасады. нәтижесінде, неміс Помера-ниясының жерінде ГЛААНДЕК, КЛАЙН-ЗИЛЬБЕР, ШТОЛЬЦЕНШЕЛЬДЕ, ПЕТЦНИК, ВРАНЛЕНТИН, ДЕЛИТЦ, ПЛЕНЦИХ қыстақтарын алып, АРИЦВАЛЬДЕ қаласында дұшпанның гарнизонын қоршап алды. 8 февральдағы ұрыстарда бұл ауданда немістердің 800ден аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

БУДАПЕШТЕ дұшпанның қоршаудағы гарнизонын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді, бұл ұрыстардың барысында әскерлеріміз 15 кварталды алды. 8 февральдағы ұрыстарда қаланың батыс жақ бөлегінде (БУДА) дұшпанның 900ден аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

СЕХЕШФЕХЕРВАР қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл жасау нәтижесінде ШОПОНЬЯ, КАЛОЗ, ДЕГ, ЛА ИОШ—КОМАРОМ, ЭЙБИНГ, ШИОФОК үлкен қыстақтарын алды.

8 февральда барлық майдандарда немістердің 174 танкі қыратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 55 самоләті атып түсірілді.

* * *

Шығыс Пруссияда Кенигсберг қаласының оңтүстік жағында әскерлеріміз кескілескен ұрыстардың барысында дұшпанның ұзақ уақытқа арналып жасалған бекінісін бұзып өтті, сөйтіп жаудан темір бетоннан жасалған 102 зеңбірек және пулемет атыс бекіністерін қолға түсірді. Совет бөлімдері 6 километр алға басып, Прейсш Айлау қаласының кіре беріс іргелерінде ұрыстар жүргізуде.

Эльбинге қаласының солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, Гриш Гаф қолтығының жағалауы бойымен алға басуда болды. Фрауенбург қаласының іргелерінде совет бөлімдері алдын-ала әзірленген шептеріне бекінген немістердің қасарыса қарсылық жасауына кез болды. Бұл шеп әлденеше рет қат-қабатпен салынған траншеялардан, темір бетоннан жасалған атыс бекіністерінен, сол сияқты танкке қарсы оқтар мен миномет қойылған кең алаңдардан құралған. Советтің атқыштар бөлімшелері мен танк бөлімшелері саперлердің көмегімен қауырт шабуыл жасап, немістердің қорғанысын бұзып өтті, сөйтіп қаланың көшелерінде ұрыс бастады. Бүгін әскерлеріміз жаудың гарнизонын талқандап, Фрауенбург қаласын алды. Дұшпанның бұл тіректі қорғау бекінісі үшін болған ұрыстарда немістердің 391-жаяу әскер полкі төлық талқандалды, ал оның командирі подполковник Глауэн қолға түсірілді. Немістердің 311-теніздік жаяу әскер батальоны жойылды. Батальон командирі майор Рихард тірі қалған бірнеше солдаттарымен бірге қолға берілді. Немістердің басқа бөлімдері де ауыр жеңіліске ұшырады.

Бір күнді ұрыстарда әскерлеріміз бірнеше жүздеген гитлершілдерді жойып жіберді. Дұшпанның 60 танкі мен өзіннен жүретін зеңбірегі қыратылды, жойылды. Немістерден 11 танк, 95 зеңбірек, 140 автомашина, 20 паровоз және соғыс жүгін таситын 500дей темір жол вагоны қолға түсірілді. Немістердің 2600ден аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

* * *

Штаргард қаласының шығыс және оңтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз ұрыс пен алға баса отырып, Арицвальде қаласында неміс гарнизонын қоршауға алды. Дұшпан тың күштерін ұрысқа шығарып, өздерінің қоршауда қалған әскер бөлімдеріне қарай көмекке өтуге тырысты. Немістердің барлық қарсы атакалары тойтарылды. Жау орасан көп шығынға ұшырады. Күнтәулік ішінде әскерлеріміз 3000 гитлершілдерді қырып салды. Жаудан қолға, оның ішінде 400 станокті және қол пулеметтері мен танкке қарсы 3 мылтық қолға түсірілді. Совет ұшқыштары әуе ұрыстарында немістердің 7 самоләтін атып түсірді. Зенит зеңбіректерімен дұшпанның 27 самоләті жойылды.

* * *

Будапеште әскерлеріміз дұшпанның қоршаудағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Қаланың батыс жағында немістердің қолында тұрған жерлерде көптеген үйлер мен шіркеулер бар. Көптеген үйлердің астында подвалдар және жер астымен жүретін жолдар бар. Немістер бұл үйлерді қорғану тораптарына айналдырып, қарсыса қарсылық көрсетуде. Советтің гвардияшы бөлімдері Шашкед та-

уын және бірнеше кварталдарды алып, Иенетев зиратына бекінген немістерге шабуыл жасады. Күн кешкіре совет жауынгерлері зиратты дұшпаннан тазартты. Сол сияқты бірнеше үйлер алынды. Жаудан көп олжа, оның ішінде 14 танк мен бронетранспортер, 30 зеңбірек, 65 пулемет және оқ-дәрі склады қолға түсірілді. Бір рота венгр солдаттары мен офицерлері Қызыл Армия жағына шықты. Қызыл Армия жағына шыққандар барлық қару-жарақтарын алып келді. Отряд командирі—майордың бастауымен 36 венгр полицейскийлері қолға берілді.

* * *

Секешфехервар қаласының оңтүстік жағында совет бөлімдері артиллерияның жауға қарсы нәсерлете оқ атуының көмегімен немістерге шабуыл жасады, сөйтіп оларды бірнеше елді жерлерден қуып шыарды. Совет жауынгерлері жауға қарсы ұрыстарда батырлық және жоғары әскери шеберлік көрсетуде. Пулеметші Барзиков дұшпан алып тұрған елді жерге басқалардан бұрын басып кірді. Барзиков пулеметтерден оқ жаудырып, немістердің өресінде ұшы туғызды. Патрондары таусылып қалған кезде ол жаудың пулеметін қолға түсірді, одан жауға қарсы оқ боратты, сөйтіп бір топ гитлершілдерді қырып салды. Неміс танкі гвардия қызмәскер Задерейдің станокті пулеметін танктің табанымен таппап, траншеяда бекінген жауынгерді топырақпен бүхтірып кетті. Задерей жолдас есін жыйып, топырақтың астынан шықты, бұдан соң ол өзіне қарай жақындала келе жатқан бір топ немістерді көрді. Совет жауынгері немістерге қарсы үш граната лақтырып, 12 гитлершілді көр қуштырды. Броня бұзушы сержанттар Блэготин мен Иванчук бір ұрыста дұшпанның өзлігіне жүретін екі бронетранспортерін өртеп жіберді.

* * *

Кемелеріміз Либава порты ауданында немістердің 6 мың тонналық транспортына шабуыл жасап, оны суға батырды. Дұшпанның екінші бір ірі транспорты қатты зияндады.

* * *

Шығыс Пруссияда немістердің «Герман Геринг» моторлы дивизиясының 3-моторлы полкінің командирі полковник Гейнц Хейгль қолға түсірілді. Қолға түсірілген полковник былай деді: «Герман Геринг» дивизиясы талқандалды. Ұрыстар шабуылға шығар алдында менің полкімде 2500 адам бар еді. Ұрыстарда полкіміз қатарындағы адамдарының үштен екі бөлігінен айырылды. Дивизияның басқа бөлімдері де осындай шығынға ұшырады. 2-моторлы полктің командирі майор Штарг өлтірілді, артиллерия полкінің командирі френ Эсколь-Дит қолға түсті. Бұдан әрі Рейнц Хейгль мынаны мәлімдеді: «Герман армиясы өлердей соққы жеді және енді ол бас көтере алмайды. 1944 жылдың жазында Витебскі ауданында орыс әскерлері немістердің қорғану шебінің түкпіріне қарай төсепдете өтуді жүзеге асырған кезде, майдаш шебі батысқа қарай көп жылжыды. Біз ол кезде Қызыл Армияны тоқтата алмадық. Неміс армиясы Вильно маңында да ауыр соққыға жырылды. Міне бұл оқиғалардың бәрі қазіргі күнде тағы да қайталанатын отыр. Орыс әскерлері қорғану шебімізді бұзып өтіп, Одер өзеніне жетті. Германия қутыла алмастай болып, қоршауға алынды».

ОТАН СОҒЫСЫ МАЙДАНДАРЫНДА

Біздің бөлімшенің есебі

Мен артиллерия барлаушысымын. Үш жылдан аса уақыттан бері жаудың атыс бекіністерін барлау ісімен шұғылданып келемін. Біздің бөлімше жойқын ұрыстарда жауға күйрете соққы беріп, жаяу әскерлерімізге зор көмек береді. Бақылау бекінісінде отырып, атқан оғымыздың жексұрын немістерді қынадай қырғанын, жаудың бекіністерінің күлін көкке ұшырғанын көргенде жігерім тасый түседі.

1944 жылдың қысында біз Пулково тауында тұрдық. Ленинградты торыған жаудың бекіністерін талқандап, революцияның алтын бесігі болған бұл қаланы дұшпанның қоршауынан құтқару үшін болған ұрыстарда біздің бөлімшенің зеңбірекшілері тамаша ерлік көрсетті.

Ленин қаласын жаудың торуынан құтқару үшін жойқын ұрыс басталған сағатта, командир—оқ боратындар!—деп команда

берісімен-ақ зеңбірекшілеріміз фронттерге оқты қардай боратты. Бір сағат уақыттың ішінде бөлімшеміз дұшпанның 4 атыс бекінісін, пулемет орнатылған 7 бекінісін, 10дан аса атыс уяларын және 100ге жуық немістерді талқандады. Сол күні біз, зеңбірекшілер жаяу әскерлерімізге белсене көмектесе отырып, немістердің күшті бекінісі қорғану шебін бұзып өттік.

Үш жылдан аса уақыттан бері болған ұрыстарда біздің бөлімше жаудың 100ге жуық атыс бекіністерін, ондаған танкі, әртүрлі калибрлі бірнеше зеңбірек бата-реясын талқандап, бір мыңға жуық немістерді ол дүниеге жөнелтті.

Қазір, қаныпезер жауға ошым өз жерінде қыйрата соққы берудеміз.

Сержант К. БЕКҚОЖАЕВ,
Александр Невский, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерінің кавалері.

Танкші офицер Токбергеновтың ерлігі

МАЙДАНДАҒЫ АРМИЯ. Гвардия капитан Токбергенов басқарған танк бөлімшесі автоматшылармен бірге алға басып, гитлершілдерді өкшелете қудалады, сөйтіп оларды жойып жіберді. Бір қыстаққа таяу жерде отряд жаудың танкке қарсы күшті оқ жаудыруына тап болды. Алдыңғы танкте отырған гвардия капитан Токбергенов жардайды тез біліп, бір жақ қанаттан дұшпанға шабуыл жасады. Токбергенов бората оқ жаудырып және танкінің табанымен таппап неміс зеңбіректері және олардың зеңбірекшілерін жойып жіберді.

Гвардия капитан Токбергенов дұшпанды

өкшелете қудалай отырып, бір үлкен қыстаққа басып кірді. Бұл жерде ол дұшпанның станокті пулеметін және өзен арқылы өтетін көпірді күзетіп тұрған бір топ гитлершілдерді жойды. Сөйтіп ол бір топ автоматшылармен бірге осы көпірден өтіп, қалаға тап берді де дұшпанның техникасы мен адам күшін талқандады.

Токбергеновтың танкі қаланың орталығында немістің екі «Пантера» танкімен шайқасты. Советтің батыр офицері дұшпанның сап жағынан басым күшіне қарсы ұрыс жүргізіп, дәлдеп оқ атумен жаудың екі машинасын да қыйратты.

Пулеметшілер

Украин жігіті Гребенюк Отан соғысы майданында жауға қарсы ұрыстарда тап-бармаңы талай рет мүлтіксіз орындап, талай немісті ол дүниеге жөнелтті.

Бір күні бір топ неміс солдаттары біздің пулеметшілеріміз тұрған жерге қарай беттеп келе жатты. Біз жауға қарсы атой салып, пулеметтерден оқ бората бастадық. Бұл ұрыста оқ тасушы Гребенюк мынаның жарықшағынан қатты жараланды. Бірақ ол ұрыс даласынан кетпеді. Ол автоматтың ұйығына асып, сау қолымен патрон жәшігін пулемет жанына сүйреп әкеле берді.

Сөйтіп ол бұл ұрыста пулеметіміздің жауға қарсы қалтқысыз оқ атуын қамтамасыз етті. Бұл ұрыс біздің жеңісімізбен аяқталды.

Біздің пулемет расчытымыздағы кәсіп сержант белорусс жігіті Мандрых та осындай ерлік көрсетіп жүр. Біздің пулеметшілер жаудың атакаларын ойдағыдай тойтарып, көптеген немістерді жер жаба-тантты.

А. СҰЛТАНОВ

Майдандағы Армия

Танкшілердің олжасы

МАЙДАНДАҒЫ АРМИЯ. 2 февраль. 11 танк бөлімі кері жөнкілген немістерді үздіксіз қудалай отырып, бір үлкен қыстаққа басып кірді. Немістің 205 милли метрлік зеңбіректер дивизионының атыс уялары селодан жарты километр жерде бүркемеденің орналастырылған еді. Офицер Коновцевтің танкі алға ілгеріледі. Коновцев жер жағдайын байқап, немістің атыс уяларының қайда екенін анықтады. Сөйтіп ол дұшпанға шабуыл жасауға бел байлап, жаудың дивизионының бір жақ қанатына өту үшін өзінің танкі немістің

зеңбіректеріне қарай сездірмей жүргізді.

Совет танкінің күтпеген жерден тап бергенді сондай, жаудың зеңбірекшілері қатты абыржып қалды. Сөйтіп жаудың атыс шебіне зеңбіректерден және танктің пулеметтерінен оқ жаудырылды. Неміс артиллерияшылары орасан көп шығынға ұшырап, берекесі кетті. Бұл жерге келіп үлгірген жаяу әскерлеріміздің көмегімен танкшілеріміз немістің ауыр зеңбірегінің жабдықтарын және көптеген оқ-дәрі қолға түсірді.

Ефрейтор Иванов командирдің өмірін сақтап қалды

2-БЕЛОРУС МАЙДАНЫ. 2 февраль. Майор Мудров ұрыстың қызу кезінде немістің алты автоматшысымен бетпе-бет кездесті. Бұған таяу жерде тұрған ефрейтор Иванов офицерге хатер төнгендігін біліп, оған көмек беруге ұмтылды.

Ефрейтор автоматтың нәсердете оқ жау

дырып, офицерге оқтанған гитлершілді жайратты, бұдан соң екі неміс солдаттың жер жастантты. Қалған немістер пулемет оғымен жойылды. Офицер Мудровтың өмірін сақтап қалғаны үшін бөлім командирі ефрейтор Ивановты 3-дәрежелі Даңк орденімен наградтады.

ЖАУДЫҢ ӘСКЕР ТУЫ ҚОЛҒА ТҮСІРІЛДІ

МАЙДАНДАҒЫ АРМИЯ. 2 февраль. Немістер өлермендікпен қорғап тұрған бір қыстаққа танк взводының командирі гвардия лейтенант Уэлов өз машинасымен бірінші болып тап берді. Ол аз уақыттың

ұрыста дұшпанның танкке қарсы апаратын екі зеңбірегін, он шақты автомашинаны жойып, 500ден аса немісті қырып салды.

Танкшілер немістің сапер батальонының штабын оның әскер туымен қолға түсірді.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Өнеркәсіп аудандық партия комитетінің конференциясы

7-8 февральда Петропавл қаласының Өнеркәсіп аудандық партия комитетінің II-конференциясы болып өтті. Конференцияда ҚК(б)П аудандық комитетінің жұмысы туралы аудандық партия комитетінің секретарі Соколов жолдас есеп берді.

—Ауданның партия ұйымдары,—деді баяндамашы,—БК(б)П Орталық Комитетінің «Қазақстан ҚК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы» 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысы мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің X және XI пленумдары қаулыларын іс жүзінде орындау жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Ауданның партияда бар және партия жоқ большевиктері Отан соғысы күндерінде социалистік шаруашылығымыздың қай саласында болсын қажырлы еңбек істеп, Отанымызға және Ленин—Сталин партиясына шексіз берілгендіктің тамаша үлгілерін көрсетті, еңбекшілер бұхарасын жеңісіміздің мүддесі үшін жанқиярлықпен еңбек істеп, майданға көмекті еселеп күшейтуге жігерлендіре білді. Өнеркәсіп орындарында стахановшылар қатары анағұрлым көбейе түсті. Істе сындалған таң қаулы адамдарды партия қатарына қабылдап, оларды тәрбиелеу ісі де едәуір жақсарды.

Мұнымен қатар, баяндамашы коммунистердің саяси білім дәрежесін көтеру ісінде бірсыпыра істер істелгенін, кешкі партия мектебінің нәтижелі жұмыс атқарғандығын сыпаттайтын мысалдар келтірді.

—Алайда,—деді Соколов жолдас,—кейбір кәсіп орындары соғыс кезінің талабына сай жұмыс істей алмай отыр. Жұмысшылар арасында тәлім-тәрбие ісі әлі жеткіліксіз. Күнделікті істелген жұмыстың нәтижелері уақытылы қорытылмайды. Озат адамдардың іс тәжірибесі басқалардың игілігіне шын мәнінде айналдырылмай келеді. Социалистік жарыс кең өрістетілмей отыр. Міне осының салдарынан, аудан бойынша, өткен жылдың өндірістік жоспары орындалмады. Ал, Гальдерин, Анохин жолдас-тар басқарған кәсіп орындарында жылдық жоспар не бары 64—70 процент ғана орындалды. Бірталай өнеркәсіп орындарында қазіргі уақытта ауыл шаруашылық машина-саймандарына керекті қосалқы бөлшектерді өндіру жұмысы тіпті баяу.

Коммунистердің саяси-идеялық білім дәрежесін көтеру ісі әлі ойдағыдай емес. Ауданда бсы күнге дейін 164 коммунист партия тарихын өздігінен оқымайды. Партия қатарына жаңала қабылданған жас коммунистерге партияның устав, программасын үйрету жөніндегі үйірме жақында ғана ұйымдастырылды. Еңбекшілерге саяси және халықаралық жағдай, жаратылыс ғылымы тақырыптарына лекция оқу ісі жеткіліксіз. Ауданда 300ден аса сауатсыздар мен шала сауатты адамдар бола тұрса да, сауат ашу мектептері әлі ұйымдастырылған жоқ, оқу үйлері мен қызыл

мүйістер тығрылықты жұмыс істей алмай отыр.

Баяндамашы өзіннің қорытындысында аудан партия ұйымының алда тұрған міндеттеріне талдап тоқталып, жұмыстағы кемшіліктерді дереу жоюдың нақтылы шараларын айтты.

Баяндама бойынша 26 адам сөз сөйледі. Конференцияда сөз сөйлеген Размеров, Анешко, Андриенко, Вальшаков, Таранов, Шершнев тағы басқа жолдастар партия ұйымы қатарының өткен жылғымен салыстырғанда едәуір өскенін, өткен 1944 жылғы февраль айынан бері ҚК(б)П мүшелігіне 120 адам, ал кандидаттыққа 205 адам қабылданғандығын, коммунистердің саяси-идеялық білім дәрежесін көтеруде аудандық комитеттің ерекше күш жұмсағандығын, майданшылардың үй-іштерінің тұрмыстық хажегін өтеу ісінде бірсыпыра жұмыстар істолгендігін айтты.

Конференцияда сөз сөйлеген жолдастар аудандық комитеттің жұмысындағы елеулі кемшіліктерге тоқталып, бастауыш партия ұйымдары секретарларының бір-де-бір мәслихаты өткізілмегенін, партия ұйымының ішкі жұмысын жақсарту жөнінде аудандық комитет тарапынан ешбір көмек берілмегендігін, аудандық партия комитетінің нұсқаушылары мен бөлім менгерушілерінің бастауыш ұйымдарға сирек баратынын, тіпті барған күнде де нақтылы көмек көрсетпейтінін қатты сынға алды.

Мұнымен қатар, олар үгітшілерге қолма-қол көмек көрсетпей келгендігін, қазақ жастарынан үгітшілер тәрбиелеу және өндірісте қажырлы еңбек істеп жүрген таңдаулы адамдарды партия қатарына қабылдау ісінің қанағаттанғысыз екендігін, кешкі партия мектебінде сабақ беретін жолдастардың оқийтын лекцияларының тақырыптары мен мазмұны әдетте байқалмайтындығын, осының нәтижесінде кейбір лекциялардың идея және теория жағынан төмен дәрежеде болатынын көрсетті.

—Аудандық партия комитетінің кейбір басшы қызметкерлерінде,—деді Таранов жолдас,—егер бір өнеркәсіп орны өндіріс жоспарын орындамаса, оның не себепті орындамағанын егжей-тегжейіне дейін жете тексерместен, кеңседе отырып баға берушілік сыяқты әдіс бар. Вұл әріне, мақтарлық әдіс емес, жұмысқа үстірт қараушылық болып саналады. Ауданның кейбір басшы қызметкерлері іске шорқақ-ақ. Мәселен аудандық комитеттің пленум мүшесі әрі аудандық атқару комитетінің председатели Журавлев жолдас қыс бойы бірде-бір өнеркәсіп орында болмақ емес. Ал, Журавлев жолдас жұмыстың жөйін білмесе де, кеңседе отырып кемшілікті сынауға шебер-ақ. Міне бұл сыяқты қаблетсіз басшы қызметкерлердің жұмысына Соколов жолдас тіпті тоқталмады.

Бұдан кейін делегат Ыбраев жолдас сөз сөйледі.

—Большевиктік партияның мүшесі болу

—ең ардақты атақ, ең абройлы іс,—деді Ыбраев жолдас.—Ол басшы партия орындарының қаулыларын мүлтіксіз жүзеге асырушы болуға тиіс. Олай болса, коммунистер әрқашан да қалың бұхараның алдығы сапында болып, авангардтық роль атқаруға міндетті. Міне сонда ғана қандай тапсырма болсын сөзсіз орындалады. Ал, бізде бұл сыяқты негізгі талапқа жете көңіл бөлізбей келеді. Аудандық партия комитетінің секретарлары, оның ішінде Соколов жолдасын өзі де өнеркәсіп орындарында болған уақытта жеке коммунистермен әңгімелеспейді. Олардың ісімен танысып, жұмыс тәжірибесін басқалардың игілігіне айналдыру ісімен шұғылданбайды. Соның салдарынан, кейбір мәселелер дұрыс шешілмейді, кемшіліктер дер кезінде жойылмайды. Мәселен, Соколов жолдас өзіннің баяндамасында біздің ет комбинатының жылдық жоспарды орындай алмағандығына жалпылама ғана тоқталды. Ал, бұл өнеркәсіп орындағы партия ұйымының өндіріске басшылығы қандай болғанын, коммунистердің өз міндеттерін қалай атқарып жүргендігін айтпады.

Конференцияда ҚК(б)П Орталық Комитетінің нұсқаушысы Лунев, ҚК(б)П обкомі секретарінің жергілікті өнеркәсіп жөніндегі орынбасары Талмачев, ҚК(б)П қалалық комитетінің секретарі Суряков жолдастар сөз сөйлеп, бірсыпыра өнеркәсіп орындарындағы партия ұйымдары басшыларының коммунистердің авангардтық ролін арттыру ісіне жеткілікті көңіл бөлмегенін, бұл іске аудандық партия комитетінің секретарлары мен пленум мүшелерінің айтарлықтай басшылық жасамағанын, алынған қаулылардың орындалуы тексерілмегендігін, комсомол-жастарға тәлім-тәрбие беру ісінің айтарлықтай ұйымдастырылмағанын айтты. Мұнымен қатар, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс дәрежесін неғұрлым арттыру, майданшылардың үй-іштеріне үнемі қамқорлық жасау, сөйтіп алда тұрған айыңды міндеттерді мүлтіксіз орындау мәселесіне ерекше тоқталды.

Конференция аудандық партия комитетінің жұмысын қанағаттанарлық деп тауып, партия ұйымының ішкі жұмысын және оның өндіріске басшылығын жақсарту, сөйтіп жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді дереу жою жөнінде нақтылы шаралар белгіленген қаулы қабылдады.

Конференция жабық, жасырын дауыс беру жолымен аудандық партия комитетінің пленум мүшелерін және пленум мүшелеріне кандидаттар сайлады.

Конференциядан кейін ҚК(б)П аудандық комитетінің пленумы болып өтті. Пленум аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына Соколов жолдасы, екінші секретарлығына Зайцев жолдасы және кадр жөніндегі секретарлығына Белова жолдасы сайлады.

МЕРЕКЕ АЛДЫНДАҒЫ ЖАРЫС ӨРІСТЕУДЕ

Петропавлдағы Қазақстанның 10 жылдығы атындағы қолөнершілер артелі өткен айдың өндірістік жоспарынан тыс 15 мың сомның көпшілік қолды бұйымдарын өндірген болатын. Артель коллективі Қазақстанның 25 жылдығын өндірістік зор табыстарға жетуге қарсы алу үшін социалистік жарысты неғұрлым кеңінен өрістетіп, мерекеге дейін жоспардан тыс 20 мың сомның бұйымын өндіруге міндеттенді.

Қиым тоқу цехының жұмысшылары социалистік жарыста алған міндеттемелерін мүлтіксіз орындау үшін стахановтық ваханаға тұрып, күнделік жұмыс тапсырмасын 130—155 процентке дейін орындауға жетті. Әбзел өндіретін цехтың жұмысшылары өткен айдың өндірістік жоспарын 120 процент орындап, артель көлемінде бірінші орынға ие болды. Артель стахановшылары Андреев, Попова жолдастар күнделік жұмыс тапсырмасын 250 процент орындап жүр.

Артельде үгіт-көпшілік жұмысы неғұрлым жақсартылды. Артель жұмысшылары арасында күн сайын бір рет газет жүрналдар оқылады, айына үш рет жауынгерлік листовкалар шығарылып, онда алдыңғы қатарлы стахановшылардың іс тәжірибелері үздіксіз жазылып тұрады.

Е. ИМАНБАЕВ.

СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫСКА ЖАППАЙ ҰШТАСТЫ

Петропавл темір жол станциясының механигі Иевлев жолдасын басқаруындағы вагон жөндейін цехтың жұмысшылары Қызыл Армияның 27 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа қосылып, еңбек өнімін еселеп арттыруға бағытталған нақтылы міндеттемелер алды. Цех коллективі алған міндеттемелерін аброймен орындай отырып, январь айының өндірістік жоспарын 262 процент орындады.

Осы цехтың жұмысшысы Отан соғысының мүгедегі Печорин жолдас 23 январьда күндік жұмыс тапсырмасын 900 процент орындап, рекорд жасады. Печорин жолдасын көмекшісі Воротенцев жарты айлы тапсырманы 312 процент орындады.

Ә. МҰХАМЕДРАҚЫМОВА.

Жастар өндірістік табысқа жетуде

Мамонтов жолдас директор болып істейтін заводта Черников жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері өндірістік зор өрлеумен жұмыс істеуде. Жас отаншылдар батыр Қызыл Армияның Отан соғысы майдандарындағы тамаша жеңістерімен жігерленіп, күнделік жұмыс мөлшерін үнемі артығымен орындап жүр. Комсомол мүшесі Н. Қасымова айлық тапсырманы әрдайым 184 процент орындайды. Сол сыяқты Лукьяненко және Холкин жолдастар да тапсырмасын смена сайлы біржорым-екі есе орындауға жетісті. Комсомол мүшелері Катя Григорьева, Қичанова және басқа жолдастар еңбек майданында көрнекті табыстарға жетті.

16 ШАХТА АЙЛЫҚ ПРОГРАММАНЫ ОРЫНДАДЫ

«Ворошиловградуголь» комбинатының 16 шахтасы январь айының жоспарын мерзімінен бұрын орындады. «Божовантрацит» тресінің № 2 шахтасы январь айында көмірдің орта тәуліктік өнімін 40 процент арттырды. «Ворошиловградуголь» тресіндегі № 3 «Дельта» шахтасы тәуліктік тапсырманы екі есе артығымен орындайды.

(ТАСС).

Жұмысын қанағаттанарлық деп тапты

Петропавл аяқ киім фабрикасы партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйылысында партия ұйымының секретарі Петухов жолдас партия ұйымының жұмысы туралы есепті баяндама жасады.

—Біздің партия ұйымының қатары,—деді баяндамашы,—өндіріс жұмысында еңбек ерлігін көрсеткен таңдаулы адамдар есебіне едәуір өсті. Қазір олар өндірісте жұмыстың шешуші салаларын басқарып, жұмысшылар коллективін қажырлы еңбекке жұмылдыруда. Баяндамашы мұнымен қатар, өндірістегі таңдаулы адамдардың іс үлгісін айтты, айқын мысалдар келтірді. Ол коммунистердің саяси оқуы, партия ұйымының

комсомолға басшылығы және майданшылардың үй-іштеріне көмек көрсету жөнінде коммунистердің едәуір игілікті істер істелгендігін айтты.

Бірақ, баяндамада коммунистердің жұмысшылар арасында саяси-тәрбие ісін жүргізуде істеген нақтылы істері және өндірілген продукцияның сапасын арттыру жолында жүргізген күресі айқын сыпатталмады.

Жыйылыста сөз сөйлеген жолдастар партия ұйымының секретарі Петухов және завод директоры Таранов жолдастарды қатты сынға алды.

Жас коммунист Әубәкірова жолдас жұ-

мысшылар арасында мәдени-көпшілік ісін шын мәнінде өрістетілмегендігін айтты, партия ұйымы секретарының жұмысын қатты сынға алды. Коммунист Әмірханов жолдас көмекші шаруашылықта көктемгі егіске әзірліктің ойдағыдай жүргізілмей отырғандығы жөнінде бірнеше мысал келтірді.

Есеп беру-сайлау жыйылысы саяси зор өрлеумен өтті. Жыйылыс партия ұйымының жұмысын қанағаттанарлық деп тауып, болған кемшіліктерді дереу жою жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Партия ұйымының секретарлығына Мереняшев жолдас сайланды.

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының қарқыны еселеп күшейтілсін!

Көктемгі егіске әзірлігіміз

Көктемде егін салу, оны баптап жүту және егінді дер кезінде, ысырапсыз жыйнап алу жұмыстарының ерекше маңызы бар болса, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының да маңызы сондай. Егер алты ай қысты босқа өткізіп, тұқым қорын толық құймасаң, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жөндемесең және күш көлігін күтімге қоймасаң, онда көктемгі егістің ұзаққа созылып, агротехникалық шаралардың бұрмалануына, егіннен өнімді аз алуға тікелей жол берген боласың.

Біз көктемгі егіске әзірліктің осы ерекшеліктерін ескере отырып, 1944 жылдың ауыл шаруашылық жұмыстары аяқталысы мен 1945 жылдың көктемгі егісіне дайындық жұмыстарын ерте күннен қолға алдық.

Колхоз басқармасы күз күндерінен бастап-ақ машиналар мен құрал-саймандардың қайсысы қандай жағдайда тілейтін анықтау жөнінде комиссия құрды. Бұл комиссияның қатарында тәжірибелі қарт колхозшылар болды. Олар машиналар мен құрал-саймандардың кемшіліктерін анықтап, оларды жөндеуде колхоздың темір ұстасы — Отан соғысының мүгедегі Гордеев жолдасқа көп көмек көрсетті. Гордеев жолдас ұста дүкенінде қажірлі жұмыс істеп, 18

соқпаны, 110 тырманы, 3 тұқым сепкішті, 80 жарма мен 60 қамықты жөндеп шығарды.

Мол егін сапалы тұқымнан өнеді. Колхозшылар бұл жағдайды еске ала отырып, 2 мың центнер тұқым құйды да, оны ұқыпты тазартып, егістік сапаға жеткізді.

Егіннен мол өнім алу жолындағы аса маңызды агротехникалық шаралардың бірі — өгіс алаңына қар тоқтату және жергілікті тынайтқыштар әзірлеу. Біз бұл жөнінде де бірталай табыстарға ие болдық. Қазір 300 гектар өгіс алаңына қар тоқтатылды. 80 тонна көк өгіс жеріне тасылды. Мұнымен бірге, колхозда 25 центнер күл және 3 центнер күс қиы жыйналды. Көктемгі өгіс жұмыстарына пайдаланатын 80 өгіз күтімге қойылды.

Біз көктемгі егіске барлық жағынан мінсіз әзірленіп, оны дер кезінде, агротехникалық жоғарғы сапада өткізудің, сөйтіп егіннен жеңісімізге сай мол өнім алудың берік негізін жасаймыз. Бұған сеніміміз зор.

БОГДАНОВ,

Преснов ауданындағы «Пламя» колхозы председателинің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары.

Егіске қызу әзірленуде

Батыр Қызыл Армияның Отан соғысы майдандарындағы тамаша жеңістері Приешім ауданындағы Қызылөскер қой совхозының жұмысшылары арасында өндірістік жаңа зор өрлеу туғызды. Жұмысшылар өзара социалистік жарысқа түсіп, егіске әзірлік жұмыстарында майдандағыша еңбек істеуде.

Совхоз жұмысшыларының қажырлы еңбегі көрнекті нәтиже берді. Совхоздың трактор жөндеушілері жөндеуге тиіс 13 трактордың 9 сапалы түрде жөндеп шығарды. Ал қалған тракторлар жөндеуге қойылды. Олар жақын арада жөнделіп болмақ.

Мастерскойда трактор жөндеу жұмысы тәулік бойына жүргізіледі. Тракторлардың сапалы жөндеуі үшін барлық мүмкіншілік іске ұқсатылды. Қосалқы бөлшектердің ескілерін жаңарту және жаңадан өндіру сыяқты маңызды жұмыс жолға қойылды. Осының нәтижесінде жөнделген тракторлардың 70 процентіне жаңа бөлшектер орнатылды. Климашино және Тимофеев жолдастар басқарған бригадалар 6 трактор орнына, 9 трактор жөндеді. Трактор жөндеуші Овчинников және Шескин жолдастар да Қызыл Армия күні қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, сметна сайын біржарым-екі мөлшер орындап жүр.

Совхозда тіркеу саймандарын жөндеу жұмысы тығыздықты ұйымдастырылды. Сөйтіп, 14 соқа, 17 тұқым сепкіш, 153 тырма мен 2 культиватор жөндеді.

Совхоздың бөлімшелерінде көктемгі егісті сақдай-сай әзірлікпен қарсы алып, егіннен мол өнім алу үшін күрес күннен-күнге өрістей түсуде. Паршии жолдас басқарған бөлімшенің коллективі 437 гектар, ал Лавренко жолдас басқарған бөлімше коллективі 325 гектар өгіс алаңына қар тоқтатты. Мұнымен бірге, бұларда 80 мөйіш ағаш, 37 қамыт, 18 арба, 4 тұқым сепкіш және 16 жәшік оңдалды. Жергілікті тынайтқыш — көк, күл және күс қиыны жыйнау жұмысы да өрістетілді.

Алайда Яковлев және Роковский жолдастар басқарған фермаларда егіске әзірлік жұмыстары ойдағыдай болмай отыр. Бұл бөлімшелерде егіске тұқым және тіркеу саймандарын әзірлеу жұмыстары нашар ұйымдастырылған, қысқы агротехника шаралары да жүзеге асырылмай келеді. Мәселен, № 4 бөлімшеде небары 50 гектар өгіс алаңына ына қар тоқтатылды. Басқа жұмыстар да айтарлықтай емес.

Совхоз басшыларының міндеті — көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын тығыздықты ұйымдастырып, мөйлінше өрістету болып саналады.

В. ВЛЕУСИЗОВ.

Тұқым қоры толық құйылды

Мамлют ауданының Петровский атындағы ауыл шаруашылық артелінің (председателі Неживых жолдас) мүшелері Қызыл Армияның 27 жылдығы алдындағы социалистік жарысқа ұштасып, егіске әзірлікте тамаша нәтижелерге ие болды. Олар 497 центнер тұқым құйып, оны қысқа мерзім ішінде егістік сапаға жеткізді.

Колхозшылар арасында мереке алдындағы социалистік жарыс күн санап кеңінен өріс алуда. Колхоз үгітшілері қабырға газеттері мен жауынгерлік листоктарды үзбей шығарып, оларда колхоздағы жетістіктер мен кемшіліктерді және таңдаулы адамдардың іс тәжірибесін жазып отырады. Мұнымен қатар, күн сайын колхозшылардың өндірістік кеңесін шақырып, жұмыс күнінің қортындысын шығару — колхоз үгітшілерінің әдеттегі ісіне айналды.

Міне осының барлығы колхоздың ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын толық жөндеп болуын қамтамасыз етті. Бұл колхозда жұмыс малдарын сақтау және оларды көктемгі дала жұмыстарына әзірлеу жұмысы ерте басталғанға алынды. Сондықтан да барлық жұмыс малдары күтімге қойылды.

Мол өнімшілер звеноларын ұйымдастыру — егіннен жеңісімізге сай мол өнім алу үшін шешуші шараларының бірі екенін ескере отырып, колхоз басқармасы мұндай екі звено құрды. Бірінші звеноны 55 жас тағы тәжірибелі қарт Архипов жолдас басқарады. Мол өнімшілер звеносының мүшелері өздеріне бекітілген берілген өгіс алаңдарына 25 тонна көк тасыды және бірсыдыра күл, күс қиыны жыйнады.

М. ХОЛИН.

Сталиндік сыйлықтар комитетінде

Ғылыми және өнер табу жөніндегі Сталиндік сыйлықтар комитеті мен әдебиет және көркем өнер жөніндегі Сталиндік сыйлықтар комитеті қазір 1943 және 1944 жылдарғы Сталиндік сыйлықтарға кандидаттар белгілеу жұмысын жүргізуде.

1943 және 1944 жылдарғы Сталиндік сыйлықтар бұл екі жылдың ішінде аяқталған асқан ғылыми еңбектер, жаңалықты өнер табу, өндіріс жұмысының әдістерін негізінен жақсарту еңбектері және әдебиет пен көркем өнер майданындағы үздік шыққан шығармалар үшін беріледі.

1943 және 1944 жылдарғы Сталиндік сыйлықтар қоса берілетін болғандықтан, сыйлықтардың саны да екі есеге көбейтіледі.

Сталиндік сыйлықтар беру туралы ұсыныстар ғылыми еңбектермен немесе жаңалықты өнердің, өндіріс әдістерін жақсартудың сипаттамаларымен, әдебиет және көркем өнер майданындағы шығармалармен бірге 1 мартқа дейін Москва қаласы Рождественко көшесі № 11 үйдегі ғылыми және өнер табу жөніндегі Сталиндік сыйлықтар комитетіне, Москва қаласы Көркем театр провозіндегі № 3 үйдегі әдебиет пен көркем өнер жөніндегі Сталиндік сыйлықтар комитетіне тапсырылады.

(ТАСС).

Өзат малшылар сыйлық алды

Приешім ет-сүт совхозының малшылары мал басынын барған сайын көбейте беруі үшін қажірлі күш жұмсауда. Өткен жылы бұл совхозда пішеп жыйнау жұмысы ойдағыдай ұйымдастырылды. Барлық мал азығы қыстауларға толық тасылып, үйілді.

Аға шопан Ақанов жолдасының отарында мал қыстату үлгілі өткізілуде. Ақанов жолдас өз бригадасының күшімен барлық қой қораларын жөндеп, қора маңына 1500 центнер пішем тасып үйді. Қой өсіру жоспары артығымен орындағалы үшін Ақанов жолдас еңбегіне қосылша ақыма 14 қозы алды. Сол сыяқты аға шопан Иван Лосик жолдас та мал қыстатуды үлгілі ұйымдастырды. Оның отарында қыстауларға 1500 центнер пішем тасылып, үйілді. Төл тұратын екі үй ойдағыдай жабдықталды. Лосик жолдас өткен жылы жоспар бойынша 300 қой өсіру орнына, 325 қой өсіріп, оларды мөпелен күте білді. Қойдың қолы ортадан жоғары.

Өтегенова жолдас басқарған Бірінші фермада бірде-бір мал шеттенген емес. Ферма мемлекетке сүт тапсыру жоспарын 127 процент орындады. Тасобологов жолдас қызыл іотейтін 3-фермада қойлар жарық, таза жылы-қорыммен қамтамасыз етілді. Оның қарауындағы малдар өте күйлі. Фермада 2500 центнер пішеп мал қораларына толық тасылып, бұл жөніндегі жоспар одауір артық орындалды. Мал басының аман сақталуын және оның өсіріп шығына ұшырамауын қамтамасыз еткені үшін, Тасобологов жолдас Қазақ ССР Совхоздар Халық Комиссариатының сыйлыққа бір сыйақы алды.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.

(Өз тілшісі).

Төл алу ісін үлгілі өткізу күресінде

Сәрім Сарбасова жолдас Приешім ауданындағы «Бексейт» колхозының төл күтушісі болып қызмет атқарғанына міне 5 жыл болды. Осы уақыттың ішінде Сәрім өндірістік зор табыстарға ие болды. Ол төл күту ісіне әбден машық болып алды.

Быйылғы жылы да Сәрім төл алу ісін табысты өткізу үшін жанқиярлықпен еңбек етуде. Жыл басынан бері 51 қой қоздады. Олардан алынған 61 қозының бәрі де аман сақталуда.

«Мал төлден өседі» дейді халық мақалы. Мұны жақсы ұғынған Сәрім жас төлдерді мөпелен күтіп, оларды ойдағыдай бағып-қағуда.

Ғ. ӘУБӘКІРОВ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 9 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Неймегеннің оңтүстік-шығыс жағында (Голландияда) одақтастар әскерлері шабуыл бастады. Одақтастар авиациясы шабуылдағы әскерлерге күшті көмек көрсетті. Гох пен Клеве түнде қатты бомбаланды. Одақтастардың әскер бөлімдері өдауір табыстарға жетіп, қазіргі күнде Рейхсвальд орманының батыс жақ шеті маңында тұр. Зигфрид бекіністі шептерінің ішкі қабатында ұрыстар болып жатыр.

Коммершейт қаласы (Рейн облысында) алынды. Моншаудың солтүстік-шығыс жағында Шмидт және Гаршейт қалаларында ұрыстар болып жатыр. Ур және Сюр өзендерінің тоғысатын жеріндегі Валлендорф одақтастардың қолында тұр.

Хагенаудың оңтүстік-шығыс жағында (Лотарингияда) одақтастар дүшпанды Обергофендегі бірнеше қорғану бекіністерінен түріп шығарды. Дүшпан Германия кейі мен Оффендорфтан көшіп кетті.

Төменгі Эльзас жазықтығында одақтастар әскерлері дүшпанды Рейн бойындағы Гардский мен өзен аралығындағы тар шежіре қарай тықозды. Бірнеше қыстақ пен Гаубург дүшпаннан азат етілді.

7 февральда одақтастар әскерлері жаудан 4083 адамды қолға түсірді.

Авиация дүшпанның соғыс орындары мен қатынас жолдарына шабуыл жасады.

ЛОНДОН, 9 февраль. (ТАСС). Одақтастардың Орта теңіз соғыс майданындағы әскерлері штабының хабарында былай делінген: Италияда 5-армияның секторында одақтастар әскерлері бірнеше жүз ярд алға басты. Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Ағылшын авиациясының Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 9 февраль. (ТАСС). 9 февральға қараған түнде ағылшын авиациясының Германияға шабуыл жасағандығы Лондонда ресми түрде жарияланған. Заводтар мен соғыс орындары бомбаланды. Берлинге шабуыл жасалды.

Черчилль секретариатының қызметкерлері ұшып шыққан самолеттің аяқтақ ұшырауы

ЛОНДОН, 8 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, одақтас үш кемелетте бөкшілерінің шифермен қамтамасыз бару үшін ұшып шыққан Черчилль секретариатының қызметкерлері інінен самолеттің аяқтақ ұшырауы салдарынан, 12 адамның опат болғандығы, ал 5 адамның хабар-ошарсыз кеткені Лондонда ресми түрде жарияланған. Бұл бәсеуі опат болған болу керек деп өсетпейді. Вудан басқа 6 адам жарааланған. Бұл авиация апаты 8 февральда болған. Опат болғандардың ішінде сиртқы істер министрінің 6 қызметкері, мың ішінде бір әйел, соғыс министрлігінің қызметкерлері — 4 офицер, тағы да бір офицер мен бір ұшқыш бар. Самолет командасынан 4 адам хабар-ошарсыз кеткен.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

Жыйнақ кассаларының Басқармасы жақын арада Алматы қаласында аудандық жыйнақ кассаларының бае бухгалтерлері, бақылаушылар мен инспекторлары дайын дайтын күрсе оқушылар шақырайды.

Адрес: Ленин көшесі 28-үй.
* * *

Түпкілікті жұмысқа бухгалтер, үнемші, инспектор, атшы және үйренушілер КЕРЕК.
Адрес: Ленин көшесі, 28-үй. Жыйнақ кассаларының облыстық басқармасы.
* * *

Петропавл элеваторына секретарь-машинистка, электршілер және шофер КЕРЕК.
Жұмыс жағдайы жөнінде элеватордың дирекциясына келіп білуге болады.